# Қазақстан Республикасының Бюджет кодексін іске асыру жөніндегі шаралар туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 9 маусымдағы N 173 -ө өкімі. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2004.12.30. N 383 өкімімен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Бюджет кодексін іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі ( бұдан әрі - Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары Тізбеге сәйкес белгіленген мерзімде:

1) нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін;

2) ведомстволық нормативтік құқықтық кесімдерді қабылдасын.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар өздері әзірлеген немесе қабылдаған нормативтік құқықтық кесімдерді Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне 2005 жылдың аяғына дейін сәйкес келтіруді қамтамасыз етсін және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысына жүктелсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2004 жылғы 9 маусымдағы
N 173 өкімімен
бекітілген

## Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексін іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі

| Р/с N | Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімінің атауы | Орындалу мерзімі | Жауапты орындаушы |
|---|---|---|---|

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары | | |
| 1 | Қазақстан Республикасы Президентінің "Республикалық бюджет жобасын және төтенше мемлекеттік бюджетті әзірлеу ережесін бекіту туралы" Жарлығының жобасы туралы | 2004 жылғы маусым | ЭБЖМ |
| 2 | Қазақстан Республикасы Президентінің "Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті жасау және беру ережесін бекіту туралы" Жарлығының жобасы туралы | 2004 жылғы қыркүйек | Қаржымині |
| 3 | Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі Кеңесінің кейбір мәселелері туралы" Жарлығының жобасы туралы | 2004 жылғы қыркүйек | Қаржымині, ЭБЖМ, Ұлттық банк (келісім бойынша) |
| 4 | Жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу ережесін бекіту туралы | 2004 жылғы маусым | ЭБЖМ |
| 5 | Орта мерзімді фискалдық саясатты әзірлеу ережесін бекіту туралы | 2004 жылғы маусым | ЭБЖМ |
| 6 | Жалпы сипаттағы ресми трансферттер көлемдерін есептеу әдістемесін бекіту туралы | 2004 жылғы қазан | ЭБЖМ |
| 7 | Бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) қарау ережесін бекіту туралы | 2004 жылғы қазан | ЭБЖМ |
| 8 | Бірыңғай бюджеттік сыныптаманы жасау ережесін бекіту туралы | 2004 жылғы қыркүйек | ЭБЖМ |
| 9 | Бюджеттік бағдарламалардың тиімділігіне бағалау жүргізу ережесін бекіту туралы | 2004 жылғы маусым | ЭБЖМ, Қаржымині |
| 10 | Салықтық емес түсімдердің бюджетке аударылу ережесін бекіту туралы | 2004 жылғы қараша | Қаржымині, ЭБЖМ |
| 11 | Салықтан тыс төлемдер түсімдерін өндіріп алуға жауапты және оларға бақылау жасауды жүзеге асырушы уәкілетті мемлекеттік органдардың тізбесін бекіту туралы | 2004 жылғы қазан | Қаржымині |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 12 | Ішкі бақылауды жүргізу ережесін бекіту туралы | 2004 жылғы қазан | Қаржымині, Есеп комитеті (келісім бойынша) |
| 13 | Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын орналастыру үшін материалдық емес активтерді қоспағанда, рұқсат етілген қаржы активтері мен өзге мүліктердің тізбесін бекіту туралы | 2004 жылғы қазан | ЭБЖМ, Ұлттық Банк (келісім бойынша), Қаржымині |
| 14 | Ішкі бақылау қызметтерін құруға рұқсат етілетін мемлекеттік органдардың тізбесін бекіту туралы | 2004 жылғы маусым | Қаржымині, Есеп комитеті (келісім бойынша) |
| 15 | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану ережесін бекіту туралы | 2004 жылғы қараша | ЭБЖМ, Қаржымині |
| 16 | Республикалық және жергілікті бюджет. тердің атқарылу ережесін бекіту туралы (онда мыналар көзделуі қажет: 1) төмен тұрған бюджеттерден жоғары тұрған бюджетке бюджеттік алып қоюларды және жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджеттерге бюджет субвенцияла. рын аудару тәртібі мен кезеңділігі; 2) жылдық қаржыландыру жоспарын әзірлеу тәртібі; 3) түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарын, міндеттемелер бойынша қаржы. ландырудың жиынтық жоспарын жасау тәртібі; 4) Жылдық сомаларды қоса алғанда, түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржы. ландырудың жиынтық жоспарына өзгеріс. термен толықтырулар енгізу тәртібі; 5) мемлекеттік мекемелердің өз иелік. терінде қалған тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) өткізуден түсетін | 2004 жылғы қараша | Қаржымині, ЭБЖМ, Ұлттық Банк (келісім бойынша), (келісім бойынша) |

ақшаны пайдалану тәртібі;
6) мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелерін мемлекеттік тір. кеуді жүзеге асыру тәртібі;
7) төлемдерді жүзеге асыру тәртібі;
8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыз алу тәртібі;
9) мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды алу мен пайдалану тәртібі;
10) мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борышты мониторингтеу тәртібі;
11) мемлекет кепілдік берген қарызды алған қарыз алушының қаржы жағдайына мониторинг жүргізу тәртібі;
12) Бюджеттік кредит беру тәртібі, оның ішінде:
бюджеттік кредиттер беру жөніндегі қаржылық рәсімдер;
қарыз алушының кредиттік қабілеттілігі. нің өлшемдері;
заем беруші банктерді іріктеу тәртібі;
Қазақстан Республикасы Үкіметінің мем. лекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша табыстылығының орташа өлшемді ставкасын айқындау тәртібі;
бюджеттік кредиттің нысаналы пайдала. нылуына және ол бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ететін жағдайдың болуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі;
берешек сомасын немесе нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмаған соманы жергі. лікті бюджеттің есебінен шығару тәртібі;
13) активтерді Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына есепке алу және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану тәртібі;
14) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану

туралы жылдық есеп жасау тәртібі мен нысандары;
15) уақытша бос бюджет ақшасын салым. дарға (депозиттерге) орналастыру тәртібі;
16) бюджеттік ақшаны басқару тәртібі.)

Ведомстволық нормативтік құқықтық кесімдер

| | | | |
|---|---|---|---|
| 17 | Мемлекеттік қаржылық бақылау стандарт. тарын бекіту туралы | 2004 жылғы қазан | Есеп комитеті (келісім бойынша), Қаржымині |
| 18 | Республикалық бюджеттің атқарылуына сыртқы бақылау жүргізу мен бюджеттің атқарылуына сыртқы бақылау кезінде бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау ережелерін бекіту туралы | 2004 жылғы желтоқсан | Есеп комитеті (келісім бойынша) |
| 19 | Бюджет түсімдерін болжау әдістемесін бекіту туралы | 2004 жылғы қыркүйек | ЭБЖМ, Қаржымині |
| 20 | Бюджеттік инвестициялардың тиімділігін бағалау жөніндегі есепті жасау мен ұсыну ережесін, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды іске асыру мониторингін жүзеге асыру шеңберінде көзделетін ақпараттарды ұсыну мерзімдері мен нысандарын бекіту туралы | 2004 жылғы қараша | ЭБЖМ |
| 21 | Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға және ұлғайтуға қатысу арқылы жүзеге асырылатын бюджеттік инвестициялардың қаржылық экономикалық негіздемелерін әзірлеу және оны қарау ережесін бекіту туралы | 2004 жылғы қыркүйек | ЭБЖМ |
| 22 | Бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) техникалық-экономи. калық негіздемесіне қойылатын талап. тарды бекіту туралы | 2004 жылғы қыркүйек | ЭБЖМ |
| 23 | Бюджеттік инвестициялық жобаның (бағ. дарламаның) экономикалық сараптамасының | 2004 жылғы қыркүйек | ЭБЖМ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қорытындысына қойылатын талаптарды бекіту туралы | | |
| 24 | Гранттарды пайдалану - тиімділігін бағалау ережесін, сондай-ақ гранттарды пайдалану барысы мен нәтижелері туралы есептілікті және ақпаратты ұсыну мерзімдері мен нысандарын бекіту туралы | 2004 жылғы қазан | ЭБЖМ |
| 25 | Мемлекеттік мекемелердің міндеттемелер қабылдауына рұқсаттар беру ережесін бекіту туралы | 2004 жылғы қараша | Қаржымині |
| 26 | Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды және бюджеттік кредиттерді тіркеу мен есепке алу ережесін бекіту туралы | 2004 жылғы қараша | Қаржымині |
| 27 | Бюджеттік кредиттерді мониторингтеу ережесін бекіту туралы | 2004 жылғы қараша | Қаржымині |
| 28 | Бюджеттік кредит беру кезіндегі қажетті құжаттар тізбесін бекіту туралы | 2004 жылғы қараша | Қаржымині |
| 29 | Мемлекеттік мекемелердің шоттарын ашу, жабу және жүргізу ережесін бекіту туралы | 2004 жылғы қараша | Қаржымині |
| 30 | Бюджеттік есепке алуды жүргізу ережесін бекіту туралы | 2004 жылғы қараша | Қаржымині |
| 31 | Есептілік жасаудың және табыс етудің ережесін бекіту туралы | 2004 жылғы қараша | Қаржымині |

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК